


БӘРІ ДЕ АДАМ ҮШІН, АДАМНЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН



Бес орденді Советтік Қазақстанның астанасы — Алматыны бүгін таңда әлемнің кез-келген бұрышы біледі десек, артық айтқандық емес. Еліміздегі миллионнан астам тұрғыны бар үлкен шаһарлардың сапында саналатын астана ажары уақыт өткен сайын көріктеніп, құлпыруда. Әсіресе, соңғы он-он бес жыл бедерінде қала келбеті танымастай өзгерді. Сәулет өнерінің ең үздік үлгісімен бой көтерген архитектуралық ансамбльдер, ғажайып ғимараттар, түрлі комплекстер, тұтас тұрғын үйлер аудандары астананың өзіндік дидарын бұрынғыдан бетер айықтай түскен.

Осы орайда тілге тиек етіп, көз алдымызға елестетеріміз: В. И. Ленин атындағы Сарай мен Республикалық өнер музейі, «Отырар» және «Қазақстан» қонақ үйлері, Неке сарайы мен Цирк үйі, биік таудағы «Медеу» мұз айдыны мен «Арасан» денсаулық комплекстері, М. Әуезов атындағы Қазақ драма театры мен Ғ. Мұратбаев атындағы республикалық Пионерлер сарайы... Сондай-ақ кейінгі кездері салынған астана қақпалары — аэровокзал, автовокзал, темір жол вокзалдары да Алматының ажырамас символдарына айналғаны мәлім. Ал күн санап қанатын жая түскен «Алмағұл», «Ақсай», «Самал», «Тастақ», «Жұлдыз», «Айнабұлақ», «Тауғұл» микрорайондарының құрылыстары біріне-бірі ұқсамайды, бірін-бірі қайталамайды. Жаңа тұрғын үйлердің пәтерлері бүгінгі биік талғамға сай жобаланып жүргені де айта кеткен жөн. Жер бедерін, әдемі ландшафты, ауа ағынын ескеріп, ойластырған сәулетшілер батыл ізденістер, соны қолтаңбалар танытуда. Көп қабатты сәулім тұрғын үйлердің арасына гүлзарлар мен алаңдар жасалынып, мәдени-әлеуметтік, қоғамдық-тұрмыстық объектілердің салынуы тегін емес.

Сайып келгенде, бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін. Өткен бесжылдықтың ішінде астана халқына қызмет көрсететін мыңдаған мәдени-әлеуметтік және тұрмыстық ошақтар айқара есік ашты. Цифрларға тіл бітірсек, ол — 3600 орынды емхана, 1100 төсектік аурухана, 80 магазин, 159 қоғамдық тамақтандыру орындары, 15 мектеп, 30 балалар бақшасы. Сонымен бірге 2,2 миллион шаршы метр тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді. Демек, 100 мың адам қоныс тойын атап өткен. Өз қалаларын аялауға, жасандыруға құштар алматылықтар жыл сайын 100 мың түп балауса көшет отырғызып жүргенін де мерейлене сөз етеміз.

ӘРІ СТАДИОН, ӘРІ ТЕАТР, ӘРІ МҰЗ АЙДЫНЫ...

Иә, гүл-қала, арман-қала Алматының болашағы бүгінгісінен де сәулетті, бүгінгісінен де жарқын. Бұған айғақ ретінде қазірдің өзінде алғашқы тұрғын үйлерінің шамдары жарқыраған тек «Самал» микрорайонының ертеңі әңгімелесек те жеткілікті. Л. И. Брежнев атындағы алаңның күнгейінен басталып, Ленин проспектісі мен Фурманов көшелерінің аралығында таласа бой көтерген бірінші, екінші, үшінші «Самалдың» ғимараттары ақбас Алатау бөктеріне қарай өрлеп салынууда. Төрт-бес қабатты тұрғын кварталдар көп қабатты заңғар үйлермен өсем астырып, өзара үйлесім таппақ.

«Самалдың» қақ төрінде күні ертең-ақ астананың ең көрікті жеріне айналатын архитектуралық ақшаңқан ансамбльдер комплексі ерекше асқақтайтын болады. Ленин проспектісі мен Фурманов көшелерін қиып өтіп жатқан Тимирязев көшесінің бойына орналасатын үлкен «Әмбебап» деп аталатын жа-


бық спорттық-көрермен залының, қоғамдық-сауда орталығының (кинотеатр, мектеп, университет, ресторан, кафе, түрлі магазиндер) және Комсомол мектебінің (қонақ үйімен бірге) жеті жүз метрге созылған іркес-тіркес айшықты комплекстері көз жауын алар тамаша ғимараттар саналары сөзсіз.

Бұл күнде алғашқы қазу жұмыстары қызу қарқынмен басталған үлкен спорттық-көрермен залының сыртқы-ішкі көрінісін жанарымызға елестетіп, өзіндік ерекшеліктерімен танысу үшін оның жобасын жасаған сәулетшілерге жолықтық.

«Алмаатагипрогор» мемлекеттік жобалау институтының бас архитекторы, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген архитекторы, СССР және республика Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Арыстан Қайнарбаев ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбегінің жемісі болып табылатын «Әмбе-

бап» залының кішірейтілген макетіне қарап әңгімесін өрбітті:

— Жуырда ғана баспасөзде жарияланған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Бейнелеу өнерін одан әрі дамыту және еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы сәулетшілерге де тікелей қатысты. КПСС XXVII съезінің талаптары бізге үлкен міндеттер жүктейді. Өнер шеберлерінен суреткерлік жаналықтар, өмір шындығының, қазіргі заманның шабыты да жарқын ашып көрсетілуі әрқайсымыздан соны ізденістер, жемісті еңбектер қалайтынын жақсы түсінеміз. Өйткені, бүгінгі эстетикалық талғамы өте биік совет адамдарын тамаша туындылармен қуанып, рухани ләззат беру кез-келген өнер адамының төл міндеті болса керек. Осы орайда өзім жетекшілік еткен мына көріп тұрған үлкен спорттық-көрермен за-



лы қиялымызды шарықтатуға, биік талап мүддесінен табылуға ұмтылдырғанын белекше атар едім. Жаңа ғимараттың ерекшеліктері мен архитектуралық шешімдерін баяндамастан бұрын оның авторларын айта кетейін. Жобаны жасаушылардың бірі — бас архитектор Марат Жақсылықов. Қазақстандық архитекторлардың ішіндегі болашағынан үлкен үміт күттірер ізденіш те талғампаз жас сәулетшімен бұған дейін де қоян-қолтық еңбек еткенімді жасырмаймын. Марат екеуіміз М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының жобасын жүзеге асырдық. Еңбегіміздің жемісі Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығымен аталып өтілгені көпшілікке белгілі. Ал залдың бас конструкторы, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты — Көпсекбай Төлебаев.

Енді «Әмбебап» атап отырған ғимараттың ерекшеліктеріне тоқталайық. Одақта үшінші саналатын бұл объектіде елу-ге тарта спорттық және мәдени шаралар өткізуге барлық жағ-

дай жасалған. Жеке бөліп айттар болсақ спорттың 28 түрінен, ал қоғамдық-мәдени шаралардың 20 түрінен саналуан мерекелер ұйымдастыруға болады. Күніне мұнда төрт мыңға жуық адам келіп, өздері қалаған спорт түрімен шұғылдана алады. Қос қабатты (ярусты) орындар 10,5 мың адамға арналған. Эллипс пішінді негізгі залдың ұзындығы 150 метр, ені 104 метр, еденінен ұшар басына дейінгі аралық 34 метр. Мұның бәрі алдын-ала ойластырылған ойымызды жүзеге асыру үшін жан-жақты жағдай туғызып отыр. Мәселен, екі қабатты көрермендер орындарының төменгісін қажетті сәтте жоғарғы қабаттың астына жылжытып жіберуге болады. Мұнда спорттық-жаттығу залы, республикада тұңғыш рет жеңіл атлетикалық манеж жұмыс істемек. Жабық залдың ең бір ерекшелігі оның қажетті жағдайға орай өзгертуге, құбылтуға, жарыс ерекшеліктеріне, мәдени кештердің тақырыбына байланысты алаңдарды бөліп-бөліп тастап, жеке дара пайдалануға өбден мүмкіндік бар. Үлкен футболдан, допты және шайбалы хоккейден халықаралық, одақтық, кубоктық бәсекелерді өткізуге, үлкен теннистен жарыстар ұйымдастыруға қажетті жағдайлар ескерілген.

Иә, атына заты сай жаңа ғимаратта көптеген жағдайларды ұйымдастыру жағы сәулетшілердің үздік қиялынан туғандығын аңғару қиын емес. Жаз бойына мұз айдыны қатырылады. Бір мезгілде мыңға тарта адам коньки теуіп, шілдеде де аязды ақпандағыдай әсерге бөленеді. Бір ғажабы залдың мұз айдынын хоккей ойнауға, мұз үстінде мөнерлеп сырғанауға байланысты үш түрлі көлемде қатыруға болады. Мұның бәрін жүзеге асыратын арнаулы машина залы сыртта орналастырылған. Басты алаңды құбылту арқылы 900 адамға арналған салтанатты мәжілістер өткізуге де мүмкіндік бар. Ал үлкен концерттер ұйымдастырылатын кезде алаңның батыс жағындағы арена-орындар сахнаға айналдырылады. Бұл кезде әрқайсысы 120 орынға бөлінген орындық-

блоктардан аз уақыттың ішінде пәтерді жасау қиын емес. Орындық-блоктар роликтерге орнатылған. Көптеген жабдықтар автоматты түрде басқарылып, түрлі механизмдермен іске қосылу жағы да күнілгеріден ойластырылған.

Жабық спорт-көрермен залының шатырлы төбесі нәзік тербелістер тудыратын жұқа пластинкалармен айқұш-ұйқыш өркештеле бетондарға қиюлас-тырылады. Кей кездері орталық алаңды арнайы дайындалған акустикалық қалқан қабырғалар арқылы төртке бөліп, төрт зал жасалады. Бірінде бір жарым мыңдық адам шаршы алаңдағы билерге қолғап шеберлерінің жекпе-жектерін тамашаласа, екіншісінде үш жарым мың жанкүйер үлкен теннисті қызықтайды. Үшінші залда көрермендерге кино көрсетіледі, ал төртінші зал спортшылардың жаттығуы мен артистердің сахнаға шығар алдындағы қысқа әзірліктерін жүргізуге арналған. Өзара бөлінген акустикалық қалқан қабырғалардың арасынан көрермендерге қызмет көрсететін адамдарға ыңғайлы болуы үшін жасанды дәліздер қалдырылады. Бір мезгілде төрт залда спорттық-мәдени шаралар өтіп жатқанда әр залға жеке-жеке вестибюль, буфет, киім ілгіштер шыны есіктермен бөлініп тасталынады. Мұның бәрі мұнда келген адамдарға ыңғайлы да қолайлы. Концертті тамашалап, спорттық жарысты қызықтаған жанкүйерлер мен көрермендер секторларға бөлінген есіктер арқылы сыртқа қиналмай-ақ шығады.

Астана тұрғындары мен қонақтарының көңілді орнына айналар үлкен спорттық-көрермен залының есік ашар күні де алыс емес.

Ж. ЕЛІШБЕКОВ.

АЛМАТЫ.

Суреттерде: үлкен спорттық-көрермен залының әр қырынан қарағандағы көріністері. Фотокошірмені түсірген С. Пернебаев.

Спорт

Бесінші орынға көтерілді

Жоғары топта ойнайтын футбол командалары СССР чемпионатының соңғы ойындарын өткізуде.

Жұма күні Алматының «Қайраты» биылғы маусымда сәтті ойнап жүрген Донецкінің «Шахтерін» қабылдады. Бұған дейін бакулік және еревандық өріптестерін ойсырата ұтқан алматылықтар кездесудің алғашқы минутында-ақ қарсыластар қақпасын нысанаға алумен болды. Өз жанкүйерлерін кейінгі кездері ойлы да, техникалық өрнекті ойынымен қуантқан «Қайрат» командасының қорғаушылар шебі де, шабуылшылар шебі де жасыл алаңда үлкен ұйымшылдық көрсете білді. Соның нәтижесінде ойынның сегізінші минутында В. Масудов есеп ашты. Жеңіске жігерленген алаң иелері кездесудің екінші бөлігінде де басымдықты қолдан шығармады. Соңғы минуттарға дейін «Шахтердің» қақпасы маңынан көтпеген олар оңтайлы тұста сәтті комбинация ұйымдастырды. Жас футболшы С. Сорокин есепті 2:0-ге жеткізді.

Сонымен өз алаңында қатарынан үш рет жеңіске қол жеткізген қайраттықтар 27 ұпаймен турнир кестесінің бесінші сатысына көтерілді. Кезекті кездесуін жерлестеріміз Вильнюсте жергілікті «Жальгирис» командасымен өткізеді.

Батыр

атындағы турнир

Алматыда жасөспірімдер арасында классикалық күрестен халықаралық турнир өтіп жатыр. Достары бұл жарыс А. Матросовтың ерлігін қайталаған қазақстандық Совет Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетовті еске түсіруге арналған. Он үшінші рет өткізіліп отырған биылғы турнирде совет спортшыларымен бірге Болгария, Польша, Румыниядан келген жас балуандар өнер көрсетуде.

Жарыс жеңімпаздары бүгін белгілі болады.

Жұлдегерлер

сапында

Батутта секіруден Геническа қаласында Бүкілодақтық «Труд» ерікті спорт қоғамы Орталық советінің чемпионаты аяқталды.

Бұл бәсекеге Қазақстаннан «Еңбек» ерікті спорт қоғамы республикалық советінің командасы қатысып, сыңға түсті. Дүбірлі жарыстарда республика намысын қорғап жүрген белгілі спортшыларымыз бұл жолы да жақсы өнер көрсетті. Жасөспірімдер арасында алматылық СССР спорт шебері И. Галкин жеке жаттығу түрлерінен жеңіс тұғырына көтерілді. Ал команда құрамындағы О. Жазықбаев, Е. Савин, Л. Гондаренко жұлдегерлер сапынан көрінді. Енді таңдаулы батутта секірушілер ноябрь айында Днепрпетровскіде болатын СССР чемпионатына қатысады.